



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

I KİTAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА
**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» ІТ технологияларының дамуын негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырып, жеке бағдарламасын әзірлеп қабылдауды міндеттеді.

Педагогикалық ЖОО және медициналық колледждерде, техникалық колледжде, арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелеріне арнап инклюзивті білім беру бағдарламасы мен қатар осындай балаларға қажетті озық технологиялық құралдармен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар қазіргі таңда әр мектептерде және ЖОО да жетіспейтін мамандықтар: мұғалім-дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкерлеріне өте аз мемлекеттік гранттардың өз деңгейінде бөлінбеуі инклюзивті білімнің төмендеуіне, яғни болашағына әсері тиетіні анық. Мектеп бітіретін түлектердің ол мамандықты таңдамауы, инклюзивті білімнің одан әрі дамуына кері әсері тиіме деген қорқынышта баршылық. Осы мамандықтарды меңгеру үшін мемлекет тарапынан көптеген студенттерге жіңілдіктер қарастырған жөн. Мектепте өз қатарластарымен бірге 11 жыл оқыған мүмкіндігі шектеулі оқушы мектеп бітіргеннен соң да мемлекет қарауында болғаны жөн.

Осындай мүмкіндігі шектеулі оқушы заманауи мектепте білім алса, Жоо түсуі де оған жеңіл болады. Себебі үйде өзімен өзі оқыған оқушы өте тұйық әрі ЖОО жағдайында инклюзивті білім алу оған өте қиын, себебі, қоғаммен араласуы өз қатарлас студенттермен бірге оқу қиындық туғызады. Сондықтан іс тәжірибебімізге сүйене келе айтарымыз. Ерекше баланы кішкентай кезінен бастап, яғни балабақшадан, одан әрі мектеп қабырғасында инклюзивті білім беру өте тиімді. Мектепке дейін және жалпы орта білім беретін мектеп, жоғары оқу орындары бірігіп инклюзивті білім беру бағдарламалары бір бірімен сабақтасқан жағдайда заманауи мектеп пен ЖОО жағдайында инклюзивті білім беру болашағы жарқын болады.

Қорытындылай келе, қандай бала болмасын ол- біздің болашағымыз. Олардың өміріне бәріміз жауаптымыз. Қазақстанның әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір өмір үшін күресіп жүрген мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндердің сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Осыны Қазақстан білім саласында жүрген азаматтарымыз ұмытпаса деген тілегіміз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР МДББҰ оқу-тәрбие үдерісіне М. Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық. «Өрлеу» БАҰО, Алматы, 2013 ж.

2. Бастауыш сыныптарда қазақ тілінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар. Оқу құралы// Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 77 б.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Құсайын Орынбасар Талгатқызы,
Сейтқазы Зухра Махмұдқызы,
Ергалиева Айгерим Канатовна,
Ғ.Қайырбеков атындағы № 9 орта мектебінің
математика пәнінің мұғалімдері

Аннотация

Инклюзивті білім беру жүйесі орта, кәсіптік және жоғары білім беру оқыту мекемелерін қамтиды. Оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі адамдарды білім алу және кәсіптік дайындау барысында кедергісіз орта құру болып табылады. Осы мақсаттарға жету үшін білім беру ұйымдарын техникалық жабдықтау, педагогтар мен басқа да тыңдаушыларға мүмкіндігі

шектеулі адамдармен жұмыс жүргізу және олармен өзара әрекеттесуін дамытуға арналған арнайы оқыту курстарын әзірлеу сияқты іс-шаралар кешені қажет. Дамудағы ерекшеліктері оқыту қызметінің қарқынына үлкен әсерін тигізеді де мұғалімге әр сабақты тиынақты ойластыруына, жеке тәсілдерді жүзеге асыруға, оқушылардың дайындық деңгейінің әртүрлілігін ескеруге тура келеді. Кейбір оқушылар есеп шығара алмаса да, ұзақ жаза алмаса да теориялық сұрақтарға жақсы жауап бере алады, құбылыстардың пайда болу себептерін түсіндіре алады. Көп тақырыптарды денсаулық ерекшеліктеріне және білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу керек болады. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, әдіс-тәсілдерді ойластырып және дұрыс таңдай білудің, жаңа заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың математиканы оқытуды ұйымдастыруда тиімділігін атап кету керек.

Аннотация

Система инклюзивного образования включает в себя средние, профессиональные и высшие учебные заведения. Её цель - создать без барьерную среду для людей с ограниченными возможностями в их образовании и обучении. Для достижения этих целей необходимо разработать комплекс мер, таких как техническое оснащение образовательных организаций, учителей и других слушателей, для разработки специальных учебных курсов для работы с людьми с ограниченными возможностями и работы с ними.

Особенности развития оказывают большое влияние на темпы обучения, и учитель должен тщательно продумывать каждый урок, применять индивидуальные подходы и учитывать разнообразие готовности учащихся. В то время как некоторые учащейся могут быть не в состоянии сообщить, они могут быть в состоянии ответить на теоретические вопросы хорошо, даже если они не могут написать достаточно долго, объяснить причины явлений. Многие темы необходимо адаптировать к особенностям здоровья и способностям учащихся.

Подводя итог вышесказанному, следует отметить, что использование современных педагогических технологий при конструировании математических методов мышления и выбор методов и методов обучения.

Abstract

The system of inclusive education includes secondary, vocational and higher education institutions. Its purpose is to create a barrier-free environment for education and training of people with disabilities. To achieve these goals, a set of measures is needed, such as the technical equipment of educational institutions, the development of special training courses for teachers and other students to work with people with disabilities and develop interaction with them.

Features of development have a great influence on the pace of learning activities, and the teacher will have to think carefully about each lesson, implement individual approaches, take into account the diversity of the level of training of students. Some students can well answer theoretical questions, even if they can not solve the problem, can not write for a long time, explain the causes of phenomena. Many topics need to be adapted depending on the health characteristics and capabilities of the students.

Summing up the above, it should be noted the effectiveness of thinking and the right choice of methods, the use of new modern pedagogical technologies in the organization of teaching mathematics.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі, педагог, әдіс-тәсіл, технология, денсаулық сақтау, заманауи

Ключевые слова: инклюзивное образование, с ограниченными возможностями, педагог, методология, технология, здравоохранение, современность

Keywords: inclusive education, with disabilities, teacher, methodology, technology, healthcare, modernity

Ерекше талапты қажет ететін адамдардың білім алу, одан әрі кәсіби қызмет атқару құқығының орындалуы қазіргі қоғамның даму кезеңіндегі инклюзивті білім берудің негізгі шарттары болып табылады.

Инклюзия батыс мемлекеттерінің қазіргі әлемдегі әлеуметтік идеясы ретінде жетекші роль атқарады, оның негізінде жекелеген адамдар арасында айырмашылық принципі бойынша кемсітушілікті жою үшін күрес болып

табылады. Қарапайым адамдар мен қажеттіліктері айрықша адамдардың адамзат қауымдастығының әр алуан жағдайында бірлесіп тіршілік етуі қарастырылады.

«Инклюзия» ағылшын тілінен аударғанда «қосып алу» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім беру – бұл терминерекше талапты қажет ететін білім алушылардың оқыту үдерісін сипаттау үшін қолданылып, нәтижесінде арнайы білім беру қажеттіліктеріне ие болған жалпы білім беру мекемелеріндегі оқыту [1, 156.].

Өз кезегінде, О.С. Кузьмина «мүмкіндігі шектеулі бала дені сау құрбы-құрдастарымен бірге білім алып және ерекше білім алу қажеттіліктеріне байланысты нақты педагогикалық қолдаумен түзету көмегіне ие болған оқу үдерісін қалыптастырудан тұратын «әлеуметтік-педагогикалық құбылысты» «инклюзивті білім беру» деп анықтамасын берген [2, 8 б.].

Әуел бастан барлық балалар жергілікті жердегі мектептің білім беру мен әлеуметтік өміріне қосылу керек; инклюзивті мектептің міндеті – білім алушының әрқайсысының қажеттілігін қанағаттандыратын жүйені құру; инклюзивті мектептерде балалардың жетістікке жетуіне, ұжымда бірге болудың құндылығын, қауіпсіздігін сезінуіне мүмкіндік беретін мүгедек балаларға ғана емес, барлық балаларға қолдау көрсету қамтамасыз етілу керек [3, 3-4 б.].

Инклюзивті білім беру жүйесі орта, кәсіптік және жоғары білім беру оқыту мекемелерін қамтиды. Оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі адамдарды білім алу және кәсіптік дайындау барысында кедергісіз орта құру болып табылады. Осы мақсаттарға жету үшін білім беру ұйымдарын техникалық жабдықтау, педагогтар мен басқа да тыңдаушыларға мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс жүргізу және олармен өзара әрекеттесуін дамытуға арналған арнайы оқыту курстарын әзірлеу сияқты іс-шаралар кешені қажет. Бұдан бөлек жалпы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балалардың ортаға бейімделу үдерісінің жеңілдетуіне бағытталған арнайы бағдарламалар қажет [4, 333б.].

Инклюзивті білім беру – физикалық, интеллектуалды, әлеуметтік, эмоционалды, тілдік немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан әркім тәрбие мен білім алудың жалпы үдерісіне қатыстырылып, оның оқшаулану мен кемсіту қаупі төмендеп, қоғамның теңқұқылы мүшесі болуына мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жүйесін ғалымдар инклюзивті қоғам дамуының тиімді механизмі ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беру жүйесін әзірлеу негізіне келесі тұжырымдамалар мен тұжырымдамалық тәсілдер алынды:

1) Қызмет барысында әлемді де, өзін де танып және басқа түрге келтіретін адамды белсенді субъект ретінде қарастыратын қызметтік тәсіл;

2) Баланың субъективті тәжірибесін ескеріп, жеке дара педагогикалық қолдау көрсетіп, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынасты гуманистік принципке сүйінетін жеке тұлғаға бағытталған тәсіл;

3) Инклюзивті білім беруді көп салалы тәртіптік командалардың өзара әрекеттесуін үздіксіз үдеріс ретінде қарастыратын жүйелі қызмет тәсілі;

4) Тұлғаны білгілі бір құзіреттілікті тасымалдаушы ретінде қарастыратын құзіреттілік тәсілі;

5) Тұлғаның жеке және кәсіби дамуының акмеологиясы.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қарапайым мектеп қабырғасында, қарапайым құрбылырының ортасында арнайы білім беру қажеттілігі бар баланың білім алып, тәрбиеленуі, оның сол құрбылары сияқты екендігін сезінуіне мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесінде әр балаға, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаға да олардың дамуы үшін барлық тиісті жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді іс-шараларды іс-тәжірибеге енгізу мәселесі тұр. Қазіргі уақытта кіріктірілген оқытудың

мәселесі мемлекеттік деңгейде қарастырылуда, оның мақсаты мүмкіндігі шектеулі баланың дені сау құрбы-құрдастарымен барынша максималды адаптация үшін және толыққанды қоғамға кіріктірілу үшін білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Балаларды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу айтарлықтай күрделі және зерттеуді талап ететін, сондай-ақ арнайы педагогикалық кадрларды дайындауды қажет ететін мәселе. Білім беру-түзету үдерісінің жеке және саралау тәсілі, кіріктірілген оқыту мәселесін шешу, жекелеген түзету бағдарламаларын жобалау педагогтардан дайындықтың өзге деңгейін, жоғары кәсібилікті, шығармашылықты, тәжірибелікті және шеберлікті талап етеді. Инклюзивті білім беру жүйесін құрудың бірінші кезеңінің басым бағыты ғылыми-педагогикалық қоғамдастықты ақпараттандыру кеңістігінде жүргізілетін жұмыстар болып табылады. Инклюзивті білім берудің жоспарлы дамуы алдағы уақытта кездесетін мәселелерді ескеру мүмкіндігін береді, атап айтқанда олар: нормативті-құқықтық база, оқыту материалдары, білікті оқытушы құрамының дайындық деңгейі. Мамандардың айтуынша мұндай білім беру жүйесі оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді және оқу үдерісінің барлық қатысушыларының талаптарына жауап береді. Дамуында кемшілігі бар баланы оның айналасындағылардың оның кемшілігіне назар аудартатын және оны нақты өмірге жетелемейтін, оның кемшілігіне бейімделген ортада ұстау қажет емес екендігін өз кезегінде Л.С. Выготскийдің жазған болатын. Денсаулығына қарай әртүрлі мүмкіндіктегі балалармен өзара әрекеттесу келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

- дені сау балалардың қатарынан ауытқуы бар балаға әсері, соның нәтижесінде соңғысы өмірлік тәжірибе жинап, балалармен өзара қарым-қатынас орнайды, тұйықтықты жеңеді, айналасындағы құбылыс жайлы білімін кеңейтеді;

- аталған үдеріске мүмкіндігі шектеулі баланың белсенді қатынасуы, нәтижесінде өзін-өзі бағалауы арттырады;

- дені сау балалардың ортасы түрленіп, нәтижесінде толеранттылық, өзара қолдау көрсету тәжірибесі қалыптасады [5, 786.].

Түзету-педагогикалық қолдау педагогтардың сабақ уақытында немесе сабақтан тыс уақытта ПМПК диагнозына сәйкес және берілген ұсыныстарды басшылыққа ала отырып жүргізіледі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау келесі бағыттар бойынша құрылады:

- қолдың моторикасын дамыту;
- танымдық үдерістерді дамыту (жады, назарын, елестету, ойлау);
- өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;
- гипербелсенділікті және назар аудару тапшылығының синдромын түзету;
- ситуациялық үрейді түзету;
- агрессиялықты түзету;
- оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыру.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- жеке, топпен, пікір-консультациялық;
- тренингтер;
- түзету-дамыту ойындары;
- суретті терапия;
- ойындар;
- тренингті жаттығулар;
- видеоматериалдар көру.

Әрбір түзету-дамыту жұмысы нақты бір тақырып бойынша жүргізіліп, балалардың тақырып бойынша ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың да ата-аналарымен жеке консультациялар жүргізіліп отырады. Консультацияларда ата-аналармен талдау жұмыстары жүргізіледі:

- оқу материалын қабылдауы мен меңгеруінің ерекшеліктері жайлы;

- үй тапсырмасын орындаудың ерекшеліктері жайлы;
- баланы эмоционалды сүйемелдеу жайлы.

Сонымен қатар баланың қандай болса да солай қабылдауға көмектесетін тренингтік жаттығулар өтеді. Мұндай жаттығулар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасының үйлесімділігіне ықпал етеді.

Жыл бойы мұғалімдер мен сынып жетекшілер, психолог маманмен бірлесе отырып консультациялар жүргізіліп отырады, осы консультацияларда мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктері жайлы, ақпаратты қабылдау және меңгеру ерекшеліктері жайлы, сонымен қатар баланың оқуға деген ынтасын, табысқа жету жағдайын жоғарлатуға көмектесетін, мектепке және сынып ұжымына деген оң көзқарасын қалыптастыратын жекелеген ұсыныстар беріледі.

Инклюзивті білім беру қызметі икемді және бейімделген болған жағдайда ол жоғары сұранысқа ие болады, яғни қажеттілігі әртүрлі баланың білім алуын қамтамасыз ететін әдістемені қолдану және балалардың мектептегі барлық іс-шараға қатынасатын сынып пен ортаның инклюзивті болуы. Сыныпта қажеттілігі әртүрлі балаларды оқыту күрделі де, жан-жақты ізденуді талап ететін үдеріс. Жоғары нәтижеге жету ұстаздың кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар мектепте дені сау құрбы-құрдастарымен бірге мектептің психологтік-дәрігерлік-педагогикалық консилиумның ұсыныстарына сәйкес жеке оқу жоспары бойынша білім алады. Осы категориялы оқушылар жалпы білім беру және бейімделген білім беру бағдарламасы бойынша оқытылады.

Инклюзивті білім берудегі математика пәнінің берілуіне тоқтала кетейік. Математика пәні жалпы білім берудегі жетекші пәндердің бірі болып саналады. Математиканы оқытудың қиындығының себептері тілдің дамуы, кеңістікті елестету, көзбен қабылдау сияқты функцияларының жеткіліксіз қалыптасуы және біркелкі түрде дамымауы болып табылады. Дамудағы ерекшеліктері оқыту қызметінің қарқынына үлкен әсерін тигізеді де мұғалімге әр сабақты тиінақты ойластыруына, жеке тәсілдерді жүзеге асыруға, оқушылардың дайындық деңгейінің әртүрлілігін ескеруге тура келеді. Кейбір оқушылар есеп шығара алмаса да, ұзақ жаза алмаса да теориялық сұрақтарға жақсы жауап бере алады, құбылыстардың пайда болу себептерін түсіндіре алады. Көп тақырыптарды денсаулық ерекшеліктеріне және білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу керек болады. Математикалық дағдылары мен машығын қалыптастыру үшін педагогикалық әдіс-тәсілдермен пайдаланатын құралдар кешені қолданылады.

- Ауызша жаттығулар, дайын шешімдерді талдау, алгоритмді қолдануға машықтандыру үшін орнында отырып пікір айту, тірек көрнекілігі ретінде ереже мен формулаларды қолдану, ережені қайталау, сурет карточкалары, қатені табу;

- Суретті тапсырмалар;

- Жаңа тақырыпты меңгеруді немесе қорытынды сабақтарды бақылауға арналған ойын түрінде өткізілетін сабақтар;

- Анықтамалық материал ретінде қорытынды сабақтарда қолданылу үшін жасалған дайын трек конспектілер.

Сабақ уақытында дайын жауаптары арқылы тексерілетін шағын өздік жұмыстарды өткізу қателіктерді табу және қателіктердің пайда болу себептерін анықтауда рефлексивті дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Уақытты үнемдеу мақсатында сабақта берілетін тапсырмалар үлгі ретінде, яғни тапсырманың бір бөлігі орындалған түрде, мысалы, есеп шартының қысқаша жазылуы, есептің бастапқы шығарылуы, аяқтауды жалғастыру сияқты.

Сабақ барысында оқытудың жекелеген түрін ғана емес, оқушылар бірімен-бірі араласуға, сол ортаға тез бейімделуіне көмектесетін жұптық, топтық түрлерін қолдануға болады.

Ойлау қабілетінің икемділігінің төмендігінен кей жағдайда оқушылар есеп құрастыру барысында бірдей сандарды, бірдей көріністерді, бірдей сөз тіркестерін, сұрақтарды пайдаланады. Сөздің мағынасын түсінбеу, оқу техникасының төмен көрсеткіші, сөздік қорының аздығы есеп шығару барысында қиындық туғызады. Есепті шығармау көп жағдайда сөздің мағынасын түсінбеу, тапсырмадағы жағдайды түсінбеу, екеу, екеуі, әрқайсысы, сонша жәнет.б. сөздердің қолданысын түсінбеу салдарынан болады.

Сондықтан, сабақ жоспарлау барысында мұғалімге оқушылар құрамын мұқият анықтап, әр баланың мінез-құлқының ерекшелігін, мүмкіндіктерін ескере отырып, тапсырмаларды орындауға тарту жолдарын табу керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, әдіс-тәсілдерді ойластырып және дұрыс таңдай білудің, жаңа заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың математиканы оқытуды ұйымдастыруда тиімділігін атап кету керек.

Оқу материалдарын дұрыс таңдалғаны неге оқыту сұрағына жауап береді және білім алу да келесі баспалдаққа көтерілу үшін оқушыға керегін дайындап беру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Чигрина А. Я. Инклюзивное образование детей-инвалидов с тяжелыми физическими нарушениями как фактор их социальной интеграции: автореферат дис. ... кандидата социологических наук : 22.00.04 / Чигрина Анна Яковлевна. - Нижний Новгород, 2011. - 15 с.

2. Кузьмина О. С. Подготовка педагогов к работе в условиях инклюзивного образования : автореферат дис. ... кандидата педагогических наук : 13.00.08 / Кузьмина Ольга Сергеевна. - Омск, 2015. - 8 с.

3. Ярская-Смирнова Е.Р. Инклюзивное образование детей-инвалидов / Ярская-Смирнова Е.Р., Лошакова И. И. // Социологические исследования. - 2003. - №5. - С. 3-4.

4. Бахарев А. В. Разработка модели инклюзивного образования: международный опыт / А. В. Бахарев // Знание. Понимание. Умение. - 2014. - №2. - С. 333 с.

5. Выготский Л.С. Психология развития человека. — М.: Изд-во Смысл; Эксмо, 2005. -78 с.

К ВОПРОСУ О НЕКОТОРЫХ НАПРАВЛЕНИЯХ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ДЕТЕЙ

Лантух Яна Сергеевна,
студентка 2 курса, ПИМНО
Иванова Елена Николаевна,
магистр педагогических наук, старший преподаватель
КГПУ им. У. Султангазина
г.Костанай

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада келешек мұғалімдерді инклюзивті білімге дайындаудың ерекшеліктері, студенттерді теориялық тұжырымдамалар, идеялар мен проблемалармен таныстыру қарастырылады.

Аннотация

Актуальность. Цель. В статье рассматриваются особенности подготовки будущих учителей к инклюзивному образованию, ознакомление студентов с теоретическими положениями, идеями, проблемами.

Abstract

Relevance.Goal.The article discusses the features of preparing future teachers for inclusive education, familiarizing students with theoretical concepts, ideas, problems.

<i>Шевченко Л.Я., Назарова С.В.,</i> Национальная политика в контексте идеи «мәңгілік ел».....	251
<i>Шевцова С. Н., Тихонова Л. В.,</i> Формирование духовных ценностей и приоритетов подрастающего поколения – ключевая миссия современной воспитательной системы.....	255

СЕКЦИЯ 2. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

СЕКЦИЯ 2. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Амренова К. З., Умарова Б. А., Хасенова М. М.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы.....	263
<i>Арыстан Н. Н., Кенжегарина А. Ә., Жармұқамбетова А. А.,</i> Инклюзивті оқыту негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	267
<i>Аппазова С. А., Нуржанова А. М., Жакупова У. Е.,</i> Инклюзивное образование: взгляд изнутри.....	271
<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	274
<i>Балтабаева Ш. А., Махметова С. М., Умарова Р. М.,</i> Қазіргі заманауи мектептердегі инклюзивті оқыту.....	277
<i>Бекенова А. К.,</i> Инновационный образовательный проект в условиях социализации и адаптации детей - сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, и детей из малообеспеченных семей.....	280
<i>Белякова С. Р., Ержанова Р. К.,</i> Разработка учебника как стратегическое средство повышения профессиональной компетентности педагога в рамках обновления содержания образования.....	284
<i>Влад Ю. Ю., Пличкина С. Ф.,</i> Современные тенденции образования в Республике Казахстан в контексте «Рухани жаңғыру».....	288
<i>Грудунс К. Я., Данилова В. В.</i> Теоретические аспекты работы педагога с семьей, воспитывающей ребенка с ограниченными возможностями здоровья.....	292
<i>Досмагамбетов В.Ш.,</i> Здоровьесберегающие технологии как фактор сохранения здоровья школьников.....	297
<i>Доцанова Б. М.,</i> Инклюзивное образование в Костанайской области.....	300
<i>Ельжанова Г. М., Исиргенова Н. С.,</i> Сабакты зерттеу (Lesson Study) тәсілінің ерекшеліктері.....	305
<i>Ерденова Ж. К.,</i> Казахстан – безбарьерная зона обучения.....	308
<i>Заречнева О. И.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы.....	311
<i>Ильясова Ж. А., Баймолдина А. Б., Рахимова Ш. О.,</i> Заманауи мектепте инклюзивті білім берудің маңызы.....	314
<i>Калакова А. С.,</i> Перспективы инклюзивного образования в условиях современной школы и вуза.....	318
<i>Калиева З. С., Муканова С. Ж.,</i> Инклюзивті білім беру – болашақ кепілі.....	321
<i>Құсайын О. Т., Сейтқазы З. М., Ергалиева А. К.,</i> Инклюзивті білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері.....	324
<i>Лантух Я. С., Иванова Е. Н.,</i> К вопросу о некоторых направлениях подготовки будущих учителей к осуществлению инклюзивного образования детей.....	329
<i>Мухамедзянова Р. Н.,</i> Перспективы инклюзивного образования.....	332